

Ш. Ш. Жалмаханов, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы тілдік дайындық кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ж. Ш. Жалмаханова, Е. А. Букетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетінің IV курс студенті

ЗАҢНАМАЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ (ЮРИСЛИНГВИСТИКАНЫҢ) ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Демократиялық құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылған бұрынғы Кеңестер Одағы құрамындағы республикалар тәуелсіздік алған соң заңдар мен заңнамалық құрылымды жетілдіруді қолға ала бастады. Осы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерден келіп заңдардың тілін әрбір ұлттық әдеби тілде жетілдіру қажеттігі туындады. Бұл қажеттіліктен лингвистика ғылымында заңнамалық лингвистика саласы пайда болды.

Заңнамалық лингвистика немесе юрислингвистика — тіл білімінің жаңа саласы. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысқан байланысынан пайда болғандықтан пән аралық сипаттарға ие. Тіл мен құқықтың өзара байланысы мәселелерімен заңгерлер де, лингвисттер де шұғылданып келеді. Заңнамалық лингвистиканың сауалдарымен көне Рим заңгерлері заң мәтіндері мазмұнының нақты да түсінікті болуы

тұрғысында айналысқан. Демек, қоғамдық өмірдегі адам құқысының адам тілімен тығыз байланыстылығы дәл «заңнамалық лингвистика» деп аталмаса да оның жекелеген сұрақтары адам қоғамы пайда болғалы бері бар деген сөз.

Ал заңнамалық лингвистика ғылым саласы болып өткен ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында қалыптаса бастады. Заңнамалық лингвистика құқық кеңістігінде туындаған заң құжаттарына лингвистикалық сараптама жасау, заңдық және нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін құрастыру бойынша ұсыныстар беру, заңдық мәтіндерді аударма жасау бойынша теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізу, сот істеріндегі даулы мәтіндерге лингвистикалық сараптама беру секілді лингвистикалық мәселелерді шешу қажеттілігі арта түсті. Заңнамалық лингвистиканың ғылым саласы болып туып-қалыптасуына А. Н. Баранов, Н. Д. Голев, П. А. Катышев, Т. В. Чернышев, К. И. Бринев секілді орыс лингвисттері өз үлестерін қосып келеді.

Өткен ғасырда орыс, ағылшын тіл білімдерінде басталған заңнамалық лингвистика алғашқыда заңдар мен заң актілерінің тілін белгілі бір тілдің (орыс, ағылшын тілдерінің) функционалдық стилінің тармағы ретінде қарастырылып келді. Заңнамалық құжаттар тілі ресми іс қағаздары стилінің бір тармағы ретінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, сөйлем құрылысының нормаға сай құралуы, сөйлемде, сөйлеуде қолданылған сөздердің негізгі, ауыспалы мағыналары, мәтін ішіндегі тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы мен емле дұрыстығы деген жекелеген сұрақтар талданып жүрді. Ал негізгі талап заңнамалық құжаттар мен мәтіндердің жалпы тілі мен стилінің мәселелері зерттелуі қажет болатын.

Ресейдің заңнамалық лингвистикасы қазіргі кезеңде лингвистикалық сараптаманы негізгі мәселе ретінде зерттеу үстінде. Лингвистикалық сараптамаға заңдық күш беру үшін 2 аспектіде, яғни мәтіндердің коммуникативтік және қызметтік-әрекеттік сипаттарын қарастырады. Мәселен, бұлдіргі паракшалар тарату. Оның мазмұны ұлт араздығын қоздырудан бастап, мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгерту немесе құлатуға шақыру болуы мүмкін. Мәтіндердің коммуникативтік сипаты дегеніміз — мәтін мазмұнындағы ақпараттың қоғам өкілдеріне қандай мақсат-мүддемен жеткізілуі, ал мәтіндердің қызметтік-әрекеттік сипаты дегеніміз — коммуникативтік мәтін мазмұнының іс жүзіндегі нәтижесі.

Ресей юрислингвистикасының келесі бір саласы — құқықтық коммуникация. Коммуникацияның жалпы теориясының негізгі ережелерін қалыптастырған америкалық лингвисттер К. Шеннон мен Р. Якобсондардың еңбектерін негізге ала отырып, құқықтық коммуникацияға орыс ғалымы Н. А. Любимов «қоғамдық өмірдегі құқықтық ақпаратты қоғамдық өмірде заң шығарушыдан заң қолданушыға жеткізу» (Любимов Н. А. К вопросу о правовой коммуникации в законотворчестве // Юрислингвистика - 3: Проблемы юрислингвистической экспертизы. Ирбис. Сервер электронных публикации ММЦ АГУ) деген анықтама береді. Құқықтық коммуникацияның басты мақсаты заңгер мен заңгер емес адамдардың бір-бірін түсінісуі, заң атаулыны жалпы халықтың игеруі болып табылады.

Заңнамалық лингвистиканың келесі бір сауалы — заңнама тілінің түсінікті, айқын, анық болуы. Бұл сауалға жауап іздеудің түпкі мұраты құқықтану тілінің қарапайым жалпы халықтық тілден әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бірі ретінде ерекшеленетінінде жатыр. Онда қолданылатын терминдер мен ұғымдар, сөз тіркестері мен сөйлемдердің синтаксистік құрылымының белгілі бір ережеге бағынған тұрақтылығы бар. Зерттеушілер әдеби тілдің басқа стильдік тармақтарындай тең түсінілуі үшін халықтың ізденісі мен сауатының мәдениеті көтерілуі керек деген түйін жасалады.

Америкалық және Англиялық заңгерлер мен лингвисттердің зерттеулерінің негізгі пәні — құқық саласының маманы емес адамдарға заңнамалық құжаттардың тілі мен стилін түсіндіру. Ал негізгі тақырыбы болып сот процесіндегі лингвистикалық сараптама алынды. Нақтылап айтқанда, лингвистикалық сараптамадан гөрі лингвистикалық түсіндіруге немесе түсініктемеге ұқсас. Олар: полициялық тексеріс барысында жауапқа тартылған адамдар мен полицияның өзара түсінісуі; сотқа дейінгі және сот барысындағы аудармашының рөлі; судьялар мен алқа билердің сөздері мен нұсқауларын түсіндіру. Бұл елдердің заңнамалық лингвистикасы заңдық істерді аударудағы аудармашының орнына ерекше көңіл бөледі. Себебі аудармашы — екі тілдің ғана емес, екі мәдениет пен екі әлеуметтік топтың көпірі. Аударманың заңдық құжаттар мен іс-әрекеттердің бірегейлігі (эквивалентность) мен сайма-сайлығы (адекватность) аудармашыдан лингвистикалық қана емес, құқықтық білімнің болуын талап етеді. Олай болмаған жағдайда аудармашыдан маңызды ақпаратты қалдырып кету, терминдердің орнын ауыстырып алу, ресми іс қағаздары сөздерін жалпы қолданылатын лексикамен беру, бірнеше сөзді жалпы бір терминмен атай салу, нақты аударудың орнына еркін аударма жасау, тілдік табуларды эвфемизммен алмастыру секілді қателіктер кетеді. Бұл қателіктер сот процесіне қатысушыларға жалпы айтқанда моральдық немесе материалдық залалдар келтіреді. Адамның ар-намысына, абыройы мен беделіне нұқсан келтірген, жан дүниесін күйзеліске ұшыратқан сөз жүзіндегі және іс жүзіндегі әрекеттерге заңдық тұрғыда баға беру үшін лингвистикалық сараптама жасау керек болады. Ол үшін лингвистикалық сараптаманың нысанын, құрылымын және міндеттерін айқындап алу қажет.

1. Лингвистикалық сараптама — ғылыми зерттеудің нысаны.

Лингвистикалық сараптама заң тұрғысынан шешілуі керек мәселенің жан-жақты, объективті болуын, яғни дәлелдеменің әділ болуына негіз болады. Лингвистикалық сараптама — ғылыми зерттеу ретінде заңнамалық лингвистиканың дербес саласы. Лингвистикалық сараптаманы ғылыми зерттеу санатында қарастыру үшін тіл мен құқықтың 3 түрлі қатынасын алғаш анықтаған Н. Д. Голев өзінің «Юридический аспект языка в лингвистическом освещении» деген еңбегінде:

1) тіл — құқықтық реттеудің нысаны;

2) тіл — реттеуші құрал;

3) сот мәжілісінде даулы мәтінді сараптау екендігін атап өтеді. Соңғы, даулы мәтінді сараптау, заңнамалық лингвистиканың тарауы болып табылады, лингвистикалық экспертиология деп те аталады.

2. Лингвистикалық сараптаманың құрылымы.

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» 2010 жылғы 10 қаңтарда қол қойылған Заңында төмендегідей негізгі ұғымдар тізбеленген. Бұл ұғымдар лингвистикалық сараптамаға да тікелей қатысты. Олар: арнайы ғылыми білім, сараптаманың қорытындысы, соттық-сараптамалық қызмет, сот-сараптамалық қызметпен шұғылдануға лицензия, соттық-сараптамалық зерттеудің әдістемесі, соттық-сараптамалық зерттеудің әдістері, соттық сараптама қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді арнайы ғылыми білім негізінде шешеді, сот сараптамасының пәні, сот сараптамасының нысаны, сот сарапшысының мамандығы — сот сарашпысының сот ісін жүргізудегі сот сараптамасының бір түрін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген іске ғылыми құзыреттілік, ал сот сарапшысы дегеніміз — сот ісін жүргізудегі істі зерттеуге тапсырылған маман.

Жоғарыда ескерткеніміздей, соттық лингвистикалық сараптама — соттық сараптамалардың 20 шақты түрінің бірі. Соттық лингвистикалық сараптама түрлі бағыттағы мәтіндік материалдардың (қағаздағы жазу, бейне, дыбыс жазу таспаларындағы мәліметтер) мазмұнын зерттей отырып, ауызша және жазбаша сөйлеу барысындағы түрлі хабарды берудегі жеке адамның немесе топтың ерекшеліктерін анықтау. Соттық лингвистикалық сараптаманың нысаны — жазылған мәтіндегі автордың субъективті пікірінің не тұжырымының белгілі бір объективті шындыққа қарым-қатынасы.

3. Лингвистикалық сараптаманың міндеттері.

Заңнамалық лингвистика саласы — қазақ тіл білімінде әлі де қарастырыла қоймаған өзекті мәселе. Көкейтесті сауалдарды қарастыру үшін заңнамалық лингвистиканың анықтамасын, нысанын, субъектісін және түрлерін айқындап алу қажет. Ғалым Н. Д. Голев заңнамалық лингвистика — тіл мен заң ғылымдарының түйіскен тұсында пайда болған қолданбалы лингвистиканың саласы, тіл мен заң 3 түрлі қарым-қатынаста екенін айтады. Олар:

1) тіл — заңнамалық ережелер мен тәртіптердің нысаны;

2) сот мәжілісіндегі даулы мәтіндер тіл білімінің зерттеу нысаны;

3) сөз бен сөйлеу үрдісіне лингвистикалық сараптама жасау.

Заңнамалық жүйеде сараптама жүргізу шындық пен өтірікті айыру, бұлыңғыр, көмескі, түсініксіз заттар мен оқиғаларды және сөз бен сөйлеуді нақтылау үшін қажет. Заңды мен заңсызды анықтап, нақты нүкте қойып, төрелігін айтып үкім шығаратын сот, сот жүйесі. Ол үшін сот үдерісінде сараптаманың медициналық, криминалистикалық, қолданбалық, лингвистикалық және т. б. 20-дан астам түрі жүргізіледі. Лингвистикалық сараптама солардың негізгісі болмаса да маңызды бір түрі құқық бұзушылықтың немесе қылмыстың соттық қорытындысының бір дәлелі болып саналады.

Лингвистикалық сараптаманың зерттеу нысаны — белгілі бір тілдік сөйлеудің деңгейі (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, азат жолы, мәтін), субъектісі — басқа әдіс-тәсілдермен айқындау мүмкін емес мәліметтерді тілдің, тіл маманының көмегімен алу деген сөз.

Лингвистикалық сараптама заңнаманың қылмыстық іс, азаматтық-құқықтық және әкімшілік тәртіпсіздік секілді негізгі салаларымен тікелей де тығыз байланысты. Лингвистикалық сараптама жасау барысында сарапшы лингвистің құзіретіне: 1) адамдар мен азаматтарға тіл тигізу; 2) жала жабу, өсек-аяң, масқаралайтын мәліметтер тарату; 3) қоқан-лоққы, қорқыту; 4) ұлт, дін аралық, әлеуметтік араздықтар мен экстремистік әрекеттерге үндеу тілдік мазмұн тұрғысында баға беру жатады. Сарапшының лингвистикалық сараптамасының бірнеше мақсаты бар. Олар: 1) сарапшыға сот қойған сауалға байланысты ақиқат немесе жалған деген тиянақты түйін, мүмкін не мүмкін емес деген оң не теріс қорытынды жасау; 2) ақиқат не жалған мәліметтерге тілдік тұрғыда берілген кәсіби оң не теріс баға сот үдерісіне дәлелдеме болу. Мәселен, бір адам екінші адамды «маймыл» деп балағаттаса немесе біреуге біреу жасамаған жамандығын жасады деп жала жапса, әлде өз дініндегі адамдарды өзге дін иелеріне қарсы жауласуға үндесе, шақырса, олардың мазмұнына сот сараптамасының лингвистикалық сараптамасын жасауға тура келеді.

Лингвистикалық сараптаманың басқа сот сараптамалары секілді 8 түрі бар. Олар: 1) жеке сараптама — бір сарапшының қатысуымен жасалуы; 2) комиссиялық сараптама — екі немесе одан да көп сарапшылардың бір мамандық негізінде қатысуымен жасалуы; 3) негізгі сараптама — сарапшылық қорытындылар жағдайының бастамасы; 4) қосымша сараптама — негізгі сараптама қорытындысында айқын емес сауалдар туындағанда тағайындалатын сараптама; 5) бастапқы сараптама — мазмұнында қарама-қайшылықты белгілері жоқ сараптама; 6) қайталама сараптама — бастапқы сараптамада күдікті қарама-қайшылықтар болғанда, сарапшының хабардарлығы күмәнді мәліметтерді тексеру; 7) бір текті сараптама — сараптаманың бір ғылым саласында қарастырылуы; 8) кешенді сараптама — ең кемінде екі ғылым саласы зерделейтін сараптама түрі.

Лингвистикалық сараптама — заңдық маңызы бар мәліметтерді нақтылау мақсатында өкілетті тұлға немесе орган тағайындайтын лингвистикалық зерттеудің бір түрі. Лингвистикалық сараптама — процессуалдық-заңдық аспектіде құқықтың тиесілі процессуалдық салаларымен (Қазақстан Республикасының ӘҚК, Қазақстан Республикасының ҚІК, Қазақстан Республикасының ӘІК) реттелетін қызметтің түрі. Демек, сараптама — дәлелдік ақпарат алудың тәсілі немесе құралы, сараптама дәлелдік ақпаратты басқа жолдармен (тәсілдермен) алу мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Лингвистикалық сараптама міндетті емес сараптамалық зерттеудің түріне жатады. Лингвистикалық сараптама қорытындысының заңдық күшіне, әлеуетіне тергеуші, сот органдары процессуалдық істің басқа дәлелдемелерімен салыстыра отырып баға береді. Лингвистикалық сараптама — лингвистикалық аспектіде айтылған сөздің объектіге (объектілерге) қатысты алғанда шын/жалған немесе мүмкін/мүмкін емес екендігін сипаттайтын нысандарды зерттеудің түрі. Бұл тұрғыдан келгенде, лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алады.

Лингвистикалық сараптаманың нысанына тауарлардың атаулық белгілері, жекелеген сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер және мәтіндер секілді сөйлеу іс-әрекетінің өнімдері жатады. Сараптама нысаны болатын ақпарат дереккөздері тікелей дереккөздер, жанама дереккөздер деген 2 түрге бөлінеді. Тікелей дереккөздерге баспа мәтіні, ұнтаспа жазуы, сөйлеудің даулы шығармалары, жанама дереккөздерге куәлардың көрсетпелері, сот хаттамалары жатады.

Ал лингвистикалық сараптаманың пәні зерттелетін объектінің белгілі бір лингвистикалық бөлігі болады. Оның мақсаты — сөз бен сөйлеу мазмұнының шын/жалған, мүмкін/мүмкін емес екендігін сипатталушы объектіге қатысты мұқият зерттеу жүргізу.

Лингвистикалық сараптама сарапшысы алдына заңдық тұрғыда төмендегідей міндеттер қойылады. Олар: 1) сөйлеу іс-әрекетінің мазмұнын түсіндіру мақсатында зерттеу; 2) коммерциялық белгілерді салыстырылатын затпен түпнұсқа/көшірме екендігін айқындау мақсатында зерттеу; 3) аралас, құранды (комбинированный) тауарлық белгілердегі басым элементті нақтылау мақсатында зерттеу.

Түйіндей келгенде, заңнамалық лингвистиканың лингвистикалық сараптамасын қазақ тіл білімінің арнайы нысаны етіп қарастыру — лингвистикамыздың алдында тұрған келелі мақсат-міндетгердің бірі.

Резюме

В статье дается общая характеристика юридической лингвистики, в частности, рассматриваются структура и основные задачи лингвистической экспертизы. В заключение авторы приходят к выводу о том, что юридическая лингвистика в Казахстане остается актуальной темой.

Resume

The general characteristic of law linguistic, particularly, the structure and main tasks of linguistic examination have been considering in the article. The authors come to conclusion that law linguistic in Kazakhstan is an actual problem.